

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ

«Бекітемін»

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетінің
Басқарма Төрағасы – ректоры

С.Б.Куанышбаев

2026 ж.



«B004 Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар өткізу
бағдарламасы

Дайындаған:

Дене шынықтыру және спорт теориясы мен
практикасы кафедрасының меңгерушісі:

Г.Сафарғалиева

Келісілді:

Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институт директоры:

К.Есиркепова

Келісілді:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор:

Э.Наурызбаева

Қостанай, 2026

**«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы
бойынша шығармашылық емтихандар өткізу бағдарламасы
«Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру»
білім беру бағдарламасы бойынша**

Қабылдау сынақтарының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: таңдалған даярлық бейіні бойынша бакалавриат бағдарламасын меңгеру үшін қажетті «Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша талапкерлердің базалық даярлық деңгейін айқындау.

Міндеттері: талапкерлердің дене дайындығы мен техникалық-тактикалық дайындық деңгейін анықтау.

Жалпы ережелер

1. Осы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар өткізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 1-параграфына сәйкес әзірленді 2018 жылғы 31 қазандағы № 600

Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

2. «Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша «жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

Комиссия құрамына университеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар кіреді. Комиссия так саннан тұрады және комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен комиссия төрағасы сайланады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4. Шығармашылық емтихандарды өткізу Үлгілік қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсетін тұлғалар шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);

2) 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса).

5. Шығармашылық емтиханды тапсыру үшін өтініштерді қабылдау университеттің орналасқан жері бойынша (Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 118) күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 8-13 шілдесі аралығында өткізіледі.

6. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады:

1) спорт түрлері бойынша нормативтер

2) спорттық ойындар

Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

7. «Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар университетте шығармашылық емтихандар тапсырады.

«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

8. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасын дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасы бойынша жауапты мамандар әзірлейді және университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

9. Шығармашылық емтихандардың кестесін дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасы жасайды (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен орны, консультациялар), қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді, қабылдау комиссиясына беріледі және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірмей жеткізіледі.

10. Оқуға түсушіні шығармашылық емтихандарға жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте шығармашылық емтихандар спорт алаңдарында және бейнежазбамен жабдықталған үй-жайларда өткізіледі.

11. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін түсушілерге нормативтер түрінде емтихан материалдары беріледі және тапсыру тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

12. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

13. «Спорт шебері» атағы немесе «Спорт шеберіне үміткер» спорттық разряды (паралимпиадалық спорт түрлерінен басқа) сондай-ақ бастапқы әскери даярлық бойынша өңірлік жарыстарға қатысушы сертификатының (2026) айрықша иегерлеріне шығармашылық (шығармашылық) емтихандарды (а) тапсыру үшін өтініш берген кезде ең жоғары балл есептеледі, орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін әрбір шығармашылық емтихан бойынша 20 балл **тиісті құжаттарды ұсынған кезде** қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін есептеледі.

14. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

15. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

16. Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның

бұйрығымен құрамы оның төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

17. Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

18. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НОРМАТИВТЕР
(СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ
БОЙЫНША ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНЕ)**

**Шығармашылық емтиханға арналған тест тапсырмалары
Талапкерлерге арналған «Спорт түрлері бойынша нормативтер»**

**«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» ӨБ бойынша
(Ең жоғары балл - 50 балл)**

Ұпайлары	Жүгіру		Жүгіру		Бір орыннан ұзындыққа секіру		1 мин. ішінде денені көтеру	Белтемірге тартылу
	100м		2000м	1000м	ұлдар	қыздар		
	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар			қыздар	ұлдар
13	--	--	--	--	255	190	45	15
12	13,7	15,8	7,50	4,30	250	185	43	14
11	13,9	16,0	8,00	4,40	245	180	42	13
10	14,1	16,2	8,10	4,50	240	175	40	12
9	14,3	17,1	8,20	5,00	235	170	38	11
8	14,6	17,4	8,30	5,10	230	165	36	10
7	14,9	17,7	8,40	5,20	225	160	34	9
6	15,1	18,0	8,50	5,30	220	155	32	8
5	15,5	18,3	9,00	5,40	210	150	30	7
4	15,10	18,5	9,50	5,45	200	145	28	6
3	15,15	18,7	10,00	5,50	190	140	26	5
2	15,20	19,0	10,10	5,55	180	130	24	4
1	15,25	19,3	10,20	5,60	170	120	22	3

**Тест тапсырмалары
шығармашылық емтихан Спорттық ойындар бойынша
«Футбол, баскетбол, волейбол және басқалар»
білім беру бағдарламасының талапкерлері үшін
«Алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау»
(Ең жоғары балл - 50 балл)**

Талапкерге екі жақты ойында (таңдау бойынша) үйлестіру және қозғалыс мүмкіндіктерін, іскерліктерін көрсету ұсынылады. Талапкерлердің жеке, топтық және командалық өзара іс-қимылдары емтихан комиссиясының сараптамалық бағасы анықталып қойылады.